# 2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп тәлімгері А.Т.Әкімжанның бір жылдық жұмысы туралы Анықтама.

Білім беру мен дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп/ студанттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін 28 қыркүйек күні Мектеп парламентінің президентіне майлау өтті. 10-11 сынып білім алушылары үміткерлер ретінде өз жобаларын ұсынды. Дауыс беруге 5-11 сынып оқушылары және мектеп пелагогтары қатысты.

Дауыс беруге барлығы -25 педагог, 55 білім алушы қатысты. 90,91%

**Дауыс беру қорытындысы бойынша:**

Самат Максат 11класс- 40дауыс 50%

Тажмағанбетова Гүлсезім- 25 дауыс 31,85%

Қалиева Гүлназ- 15 дауыс 18,75%





28 қыркүйек күні Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында «Тәрбие құндылықтары» тақырыбында сынып жетекшілеер бірлестігінің отырысы өтті. Отырысты мектептің ішкі тәртібі, жалпы ережелер талқыланды. Мектеп психологы Самиянова Ажар арнайы тренингпен отырыс соңын қорытындылды.



Мектебімізде 19 қыркүйек күні парасаттылық пен академиялық адалдық мәселесіне орай 9-11 сынып білім алушылар арасында «Адалдық адамдықтың белгісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара басында жемқорлық жөнінде баяндама оқылып, одан әрі мектеп оқушылары топтарға бөлініп жағдаяттар құрастырып, сахналап, өзекті мәселелер туралы өз ойланын білдіріп, шешім шығарды. Дөңгелек үстел соңы  тренингпен қорытындыланды.



Мектебімізде қыркүйек айында «Жас ұлан» ұйымының отырысы өтті. Отырыса мектептегі және сыныптағы басқару жүйесінің құрамы жайлы, басқару жүйесіне 5-11 сынып арасындағы оқушыларды алу жайлы айтылды. Жоспардағы жұмысқа басшылық жасайтын, яғни тьюторлық қызмет атқаратын педагог бұйрықпен бекітілуі қажет екенін ескертіледі.



1-қазан қарттар күніне орай ауыл әкімшілігімен біріге отырып «Қарттарға бас иеміз!»атты мерекелік іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында мектеп оқушылары ауыл қарттарына өз өнерлерін көрсетіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.





Мектебімізде ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні» өткізілді. 9-11 сынып білім алушылары мектеп әкімшілігі мен негізгі қызметкерлердің қызметін атқарды. Білім алушылар өздеріне берілген лауазымды міндеттерін тиісті деңгейде атқара алды. Осылайша ұстаздықтың жауапкершілікке толы абыройлы мамандық екендігіне көз жеткізді.



13 қазан күні 9-11 сынып білім алуылары арасында «Зиянды заттардың алдын алу» мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бейнеролик көрсетіліп, оқушылармен талдау жұмысы жүргізілді. Мектеп оқушыларымен еркін әңгіме жүргізіліп, пікірлері тыңдалды.





26 қазан күні «Жас ұлан» балалар ұйымының отырысы өтті. Отырыста қазан айы бойынша атқарылған жұмыстар қорытындыланып, талқыланды. Алдағы айға жоспарланған іс-шараларға алдын ала дайындық жасалды. Іс-шараларға белсенді түрде қатысу және жауапкершілік таныту ескертілді.



Мектебімізде жемқорлық пен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 8-11 сыныптар арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты түсіндірме сабақ жүргізілді. Білім алушылар арнайы тақтадан бейнеролик тамашалап, жағдаяттардың шешімін тауып, тақырып жөнінде өз пікірлерін білдірді.



17 караша күні бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Арайлы алтын күз» атты апталығының қорытынды концерттік бағдарламасы өтті. Іс-шара белсенді оқушыларды марапаттаумен басталды.








Қараша айында мектеп психологымен бірлесе отырып мектептің биылғы түлектері 9 және 11 сыныптармен «Мамандық таңдау маңызды іс» атты дөңгелек үстел өтті, Шара барысында балалар таңдап отырған мамандықтары туралы ақпараттарын ортаға салып, өзара пікір алмасты. Болашақ мамандықтарын таңдау себептерін түсіндірді.



«Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қараша айы бойынша қорытынды отырысы өтті. Отырыс барысында қараша айында жоспарланған іс-шаралардың өту деңгейі талқыланып, сарапталды. Алдағы желтоқсан айына жоспарланған шараларға дайындық жұмыстарын бастау, ұйым мүшелерінің толық, әрі жауапкершілікпен қатысуы ескертілді.



Мектебімізде еңбек пәнінің мұғалімі Қуанышбаева.С мен мектеп тәлімгері Әкімжан.А ұйымдастыруымен 7-11 сынып қыздары арасында «Ою ойғанның ойы ұшқыр» атты интеллектуалды сайыс өтті.





Басқұдық ЖОББ мектебінде 26 желтоқсан күні жаңа жыл мерекесіне орай «Жаңа жыл-жаңа ертегі» тақырыбында бастауыш сыныптер арасында мерекелік концерт өтті. Оқушылар ертегі әлеміне саяхаттап, қызыққа толы мерекеде ерекше көңіл күйге бөленді.





Басқұдық ЖОББ мектебінде 27 желтоқсан күні 5-8 сыныптар арасында жаңа жыл мерекесі қарсаңында концерттік бағдарлама өтті.





Мектебімізде желтоқсан айының 28 күні 9-11 сыныптар арасында жаңа жылдық кеші өтті. Жоғарғы сынып оқушылары арнайы концерттік бағдарламаларын дайындап, кешке қатысушы ата-аналар мен ұстаздар арасын көңілді ойындай ойнады.





Басқұдық ЖОББ мектебінде қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында жоғарғы сынып білім алушыларының қатысуымен «Ар-ұят және жауапкершілік» атты дөңгелек үстел өтті.



17 қаңтар күні Басқұдық ЖОББ мектебінде «Бала қауіпсіздігі» акциясы аясында «Буллинг-баланың барлық қатігездіктен қорғалуға құқығы» атты түсіндірме жұмысы жүргізілді.



Басқұдық ЖООБ мектебінде 17 қаңтар күні «Досболlike» акциясының ашылу салтанаты өтті. 17 қаңтар-17 ақпан айы аралығына жоспар құрылып, ұжымға таныстырылды.






Мектебімізде 2 Ақпан күні 7-9 сынып білім алушылары арасында «Жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оқушылар өз ойларын еркін айтып, тақырыпты кеңінен талқылады, жағдаятарға өз пікірлерін білдіріп, шара соңында өз ойларын плакат бетіне түсіріп, қорғап,қорытындылады.



Басқұдық ЖОББ мектебінде 1Наурыз алғыс айту күніне орай мектепте безендіру жұмыстары жасалып, мерекелік жиын өткізіліп, «Сізге мың алғыс!» жәшігі қойылып, бастауыш сыныптар арасында ашық сабақтар өтті.





Мектебімізде 8 Наурыз-Халықаралық аналар күніне орай «Ана-өмір шуағы» атты мерекелік концерт өтті.






Басқұдық ЖОББ мектебінде 22 наурыз-Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында 14 наурыз-Көрісу күніне орай мектеп оқушылары арасында «Жарапазан» әні ұйымдастырылды.



«Тұрақты даму» Жер Қоры жастар қоғамдық бірлестігінің қолдауымен «Жер елшілері» креативті жастардың «Бүкіл Қазақстандық экология қозғалысы» жобасы аясында мектебімізде электр жабдықтарынсыз концерт ұйымдастырылды.




Наурыз мерекесіне орай аудан орталығының қолдауымен ұйымдастырылған мектеп ұжымының 35 жасқа дейінге жас мамандары белсене қатысып, қазақтың ұмыт болған салт-дәстүрлерін насихаттайтын 3 минуттық бейнеролик түсіріп, III орын иеленді.






Мектебімізде ұлыстың ұлы күні 22 Наурыз мерекесіне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды.





1-маусым балалар күніне және «Шұғыла», «Алаң» жазғы лагерьлерінің ашылуына орай Басқұдық ЖОББ мектебінде «Біз бақытты баламыз!» атты мерекелік концерт өтті. Мектеп ұжымы әр түрлі мультфильм кейіпкерлері болып киініп, ойындар ойнаттып, өз сыйықтарын табыстап балаларға мерекелік көңілді күй сыйлады.


